*«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» №4 үлгілік базалық бағыттағы жобаларды орындау бойынша нұсқаулыққа №1 қосымша*

**Астана қаласы әкімдігінің «Көпсалалы медицина орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын**

**Астана қаласы әкімдігінің**
**«Көпсалалы медицина орталығы» ШЖҚ МКК**
**директоры**
**___________ М. Тулеутаев**
*(қолы, мөр)*
**2024 жылғы «5» шілде**

**2024 жылғы II тоқсандағы есеп**
**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтау**

| Қосалқы тапсырма | **Анықталған фактілердің сипаттамасы , қолданған шаралар** |
|---|---|
| **1 -тапсырма.** Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау (әкімшілік және қылмыстық)<br>*1-ішкі тапсырма* . Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлау (әкімшілік және қылмыстық) | 2024 жылдың II тоқсанында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар (әкімшілік және қылмыстық) туралы хабарламалар тіркелген жоқ. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлама _өткізілген жоқ |
| **2-тапсырма.** Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың (әкімшілік және қылмыстық) және мемлекеттік қызметтің беделін түсіретін құқық бұзушылықтардың орын алған фактілерінің мониторингі<br>*1-ішкі тапсырма*. Сыбайлас жемқорлық | Есеп беру кезеңінде мұндай фактілер анықталған жоқ. |

| | |
|---|---|
| құқық бұзушылықтарды (әкімшілік және қылмыстық) және мемлекеттік қызметтің беделін түсіретін құқық бұзушылықтарды салыстырып тексеру | |
| **3-тапсырма.** Басшылардың бағынышты қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлығы үшін жауапкершілік талаптарын сақтау мониторингі | ——— |
| ***1-ішкі тапсырма*** . Басшыларды бағынышты қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту мониторингі | 2024 жылдың II тоқсанында Кәсіпорын басшысы мен Кәсіпорынның өзге де құрылымдық бөлімшелердің басшылары бағынышты қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлығы үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған жоқ<br>Есепті кезеңде Кәсіпорын қызметкерлері сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтар үшін заңмен көзделген жауапкершілікке тартылған жоқ |
| ***2-ішкі тапсырма.*** Басшылардың басқа лауазымға тағайындалуына байланысты, бағынышты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлығы үшін жауапкершілікті қарастырмау фактілерін анықтау | Басшылардың басқа лауазымға тағайындалуына байланысты, бағынышты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлығы үшін жауапкершілікті қарастырмау фактілері анықталған жоқ |
| ***4-тапсырма.***Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілерінің мониторингі | ——— |
| ***1-ішкі тапсырма***. Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілерін анықтау | 2024 жылдың II тоқсанында бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері анықталған жоқ. |
| **5-тапсырма.** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау мониторингі | ——— |
| ***1-ішкі тапсырма*** .Мемлекеттік функцияларды орындаумен сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды анықтау | 2024 жылдың II тоқсанында Кәсіпорында мемлекеттік функцияларды орындаумен сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыратын тұлғалар анықталған жоқ |
| ***2 -ішкі тапсырма.*** Мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық тапсырматерді жүзеге асыру фактілерін анықтау | Кәсіпорында 794-ге жуық жеке тұлға және кейбір жақын туыстары жұмыс істейді. Сонымен қатар, олардың қызметі бір құрылымдық бөлімшеге бағынбайды немесе бір құрылымдық бөлімше шеңберінде бірлескен қызмет болып табылмайды. Мүдделер қақтығысы анықталған жоқ , бұл мәселе Кәсіпорын басшылығының қатаң бақылауында. |

| | |
|---|---|
| ***3-ішкі тапсырма.*** Мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе пайда табу мақсатында ресми таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану фактілерін анықтау | Кәсіпорында қызметкерлер ресми таратуға жатпайтын қызметтік ақпаратты пайдалану жөніндегі талаптарды сақтайды. Медицина қызметкерлерінің негізгі жұмыс бағдарламасы ақпаратты қосымша қорғауды камтамасыз ету үшін пайдаланушының екі сатылы аутентификациясын талап ететін Кешенді медициналық ақпараттық жүйе (КМАЖ,Damu med) болып табылады. Мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу үшін қызметтік ақпаратты пайдалану фактілері тіркелмеген. |
| ***4-ішкі тапсырма.*** Егер мұндай іс-әрекеттер қызметтік өкілеттікке кіретін болса , оларды ұсынған адамдардың пайдасына материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе іс-әрекеттер (әрекетсіздік) үшін көрсетілетін қызметтерді қабылдау фактілерін анықтау | Есеп беру кезеңінде қызметкерлердің және лауазымды тұлғалардың материалдық сыйақы, сыйлықтар , қызметтер немесе өзге де артықшылықтар алу фактілері анықталған жоқ. |
| ***5- ішкі тапсырма .*** Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде шоттарды (салымдарды) ашу және иелену , қолма-қол ақшаны және құндылықтарды сақтау фактілерін анықтау . Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар (әкімшілік, қылмыстық) туралы хабарлау | Кәсіпорын қызметкерлері Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы шеңберінде ҚР шегінен тыс орналасқан шетелдік банктерде шоттар ашуға, иеленуге, ақша мен құндылықтарды сақтауға тыйым салынатыны туралы хабардар етілді. Аталған мәселелер бойынша фактілер анықталған жоқ. |

**Комплаенс-офицер** **Г.Исахова**